

**Физика пәнінен зертханалық және практикалық жұмыстарға
арналған қауіпсіздік ережелері .**

1. Жұмыс жасау барысында өте ұқыпты, сақ, тәртіпті болыңдар; мұғалімнің нұсқауын қатесіз орындандар.
2. Жұмыс орнын мұғалімнің рұқсатынсыз қалдырып кетпендер.
3. Жұмыс орнындағы аспаптарды, материалдарды, құрал-жабдықтарды мұғалімнің айтуымен реттеп орналастырыңдар.
4. Жұмыс орнында тапсырманы орындауға қажеті жоқ заттар болмасын.
5. Жұмысты орындауға кіріспес бұрын, оның сипаттамасымен мұқият танысып, оның орындалу тәртібінмеңгеріп алыңдар.
6. Электр тізбегін құрастыруды, оған ауыстырып қосуды, электр құрылғыларды мантаждауды ток көзінен ажыратулы күйінде жасаңдар.
7. Ток көзіне мұғалімнің рұқсатынсыз қоспаңдар.
8. Кернеудің қорек көзінде немесе электр қондырғылардың басқа да бөліктерінде бар,ғ жоқтығын кернеукөрсеткіштің көмегімен тексеріңдер.
9. Сымдардың дұрыс оқшаулануын, ал сымдардың ұштарында ұштықтың болуын қадағалаңдар, электр тізбегін құрастырғанда сымдарды реттеп орналастырыңдар, ұштықтарды клеммалармен жақсылап қысыңдар.
10. Бақылаулар мен өлшеулерді жалаңаш сымдарға (кернеудегі ток жүретін бөліктерге) байқаусызда тиіп кетпес үшін өте мұқият бола отырып жасаңдар.
11. Конденсаторларға электр тізбегің ток көзінен ажыратқаннан кейін де жақындамаңдар: оларды алдымен разрядтау керек.
12. Жұмысты аяқтаған соң ток көзін өшіріп, электр тізбегін бөлшектендер.
13. Кернеуі бар электр қондырғылардағы ақаулықты байқасаңдар, ток көзін тез арада өшіріп, мұғалімге хабарлаңдар.
14. Лабораторияда немесе кабинетте орынсыз жүре беруге, дауыс көтеріп сөйлеуге болмайды, өйткені басқаларға кедергі келтіресіңдер.
15. Мұғалімнің рұқсатынсыз таныс емес заттарды алып пайдалануға болмайды.
16. Ең бастысы өзін білмесең, не күмәндансаң, мұғалімнен сұрап ал!!